

АҚПАРАТ

2024 жылы «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-дағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және комплаенс-тәуекелдерді мониторингтеу нәтижелері туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын орындау мақсатында «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) есептік кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тиісті шаралар қабылдап, Қордың Директорлар кеңесі Комплаенс қызметінің алдына қойған қосымша міндеттерді іске асырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Жыл барысында Қор қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізілді.

Бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес, қызметкерлерге оқыту семинарлары мен Қордың саясаты және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен таныстыру бойынша жеке кездесулер ұйымдастырылды.

«2022–2026 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығын орындау мақсатында, Қорда сертификаттау аудиті өткізілді. Аудит нәтижесі бойынша Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі Халықаралық стандарт – ISO 37001:2016-ға сай деп расталды.

2024 жылғы 15 шілдеде Қор мен CERT International ЖШС филиалы (Қазақстан Республикасындағы) арасында №106 сертификаттау шарты бойынша, Сертификаттың үш жылдық қолданылу мерзімі шеңберінде, 2025–2026 жылдары аралық аудит жүргізу жоспарланған, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды нақты уақыт режимінде түзету қарастырылады.

2024 жылғы 28 қыркүйекте CERT INTERNATIONAL s.r.o. сертификаттау органы жүргізілген аудиттің нәтижелері негізінде, Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің ISO 37001:2016 стандартының талаптарына сәйкестігін растады (Сертификат №: ABMS-1628/A).

Сертификаттау туралы ақпарат IAF (INTERNATIONAL ACCREDITATION FORUM) – Халықаралық аккредитациялау форумының ресми сайтында орналастырылған: Iafcertsearch.org.

2024 жылғы 10 қазанда «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің деректер тізіліміне тіркелініп, Қорға № KZ.Q.01.0064.C24.08888 сәйкестік сертификаты берілді. Бұл Қордың сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі менеджмент жүйесінің СТ РК ISO 37001-2017 (ISO 37001:2016) стандартына сәйкестігін растайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

Есептік кезеңде Қор қызметкерлерінің (лауазымды тұлғаларының) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауын бақылау тұрақты негізде жүзеге асырылды. Жыл барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің орын алу фактілері тіркелген жоқ.

«Проблемалық кредиттер қоры» АҚ қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) қатысты шағымдар (өтініштер) түскен жоқ.

Қор қызметінің жариялығын қамтамасыз ету мақсатында және Директорлар кеңесінің ұсынымдарына сәйкес, Қордың мүлкіне қатысты ақпарат тұрақты мониторингтеліп, Қордың ресми сайтында және басқа да тиісті электрондық алаңдарда жарияланып отырды. Аталған жұмыстар Қордың уәкілетті құрылымдық бөлімшелері тарапынан тұрақты түрде жүргізіледі.

Қордың Комплаенс қызметінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, келесі бағыттар зерделенді:

- Қорға келіп түскен өтініштер мен шағымдарды (нұсқамаларды) қарау тәжірибесі. 2022 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 23 мамырға дейінгі аралықта «Е-өтініш» жүйесі арқылы Қорға 824 өтініш келіп түскен. Олардың ішінде Қор қызметкерлері/лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне/әрекетсіздігіне, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы мәселелерге қатысты өтініштер немесе шағымдар анықталған жоқ.

- Берешекті өндіру департаментінің (БӨД) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды іске асыру тиімділігі зерделеніп, СТ РК ISO 19011-2019 (Менеджмент жүйелерін аудиттеу стандарты) талаптарына сәйкес, ішкі аудит жүргізілді. Аудит нәтижелері бойынша БӨД қызметкерлерінің лауазымдық

міндеттеріне сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілікке қатысты толықтырулар енгізу ұсынылды.

Қордың жұмыстар мен қызметтерді сатып алу тәжірибесі және сыбайлас жемқорлық (комплаенс) тәуекелдерінің белгілерін зерделеу бойынша жүргізілді.

Қорда қызметтер, жұмыстар және тауарларды сатып алу процестері Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының, Қордың ішкі нормативтік құжаттары, ««Проблемалық кредиттер қоры» АҚ мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру және өткізу регламенті», сондай-ақ «Қордың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидалары» талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, атқарылған.

Қорға мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша шағымдар мен нұсқамалар түскен жоқ. Қордың белгіленген рәсімдерді сақтау жөніндегі әрекеттерін сот органдарында даулау немесе шағымдану фактілер анықталған жоқ. 2022–2023 жылдар аралығында орындалмаған сатып алу шарттары тіркелмеген.

Есептік кезеңде Қор қызметкерлері қылмыстық немесе тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ. Сондай-ақ, есептік кезең ішінде қызметкерлерді теріс себептермен жұмыстан шығару фактілері тіркелген жоқ.